



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«ЖҮЙЕЛІК КӘСПКЕРЛІК: УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ, БИЗНЕС
ПЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ
ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«СИСТЕМНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО: ТЕКУЩЕЕ
СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ КООПЕРАЦИИ
УНИВЕРСИТЕТОВ, БИЗНЕСА И ГОСУДАРСТВА»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«SYSTEMIC ENTREPRENEURSHIP: THE CURRENT STATE
AND PROSPECTS OF COOPERATION BETWEEN
UNIVERSITIES, BUSINESS AND THE STATE»**

Нұр – Сұлтан, 2022

УДК 330
ББК 65
Ж 85

Рецензенты: вице-президент университета «Туран», д.э.н., профессор Алиев О.Ж.

профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, к.э.н. Мажитов Д.М.

Редакционная коллегия

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующий кафедрой, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет Ж.К. – PhD, доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет М.К. – к.ф/м.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

ISBN 978-601-337-675-2

«Жүйелік кәсіпкерлік: университеттердің, бизнес пен мемлекеттің кооперациясының ағымдағы жағдайы мен перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -224б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Системное предпринимательство: текущее состояние и перспективы кооперации университетов, бизнеса и государства». –Нур-Султан: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -224с.

Works of the International scientific and practical conference «Systemic entrepreneurship: the current state and prospects of cooperation between universities, business and the state». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -224p.

УДК 330
ББК 65

ISBN 978-601-337-675-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

3. Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Электронный ресурс]. URL: <http://www.stat.gov.kz>

4. Сапарбаев Б.М. Социальная сфера в приоритете государства [Электронный ресурс]. <https://www.zakon.kz/>

ӘОЖ 338.43

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Бауыржан Жансая

zhansayamy@gmail.com

«Экономика» мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – Молдашов Н.О.

Алғаш рет шағын кәсіпкерліктің теориялық тұжырымдамасы Ричард Кантिलлионның еңбектерінде сипатталған. Ол кәсіпкерліктің алғашқы тұжырымдамасын жасап, "кәсіпкер" ұғымына анықтама берді. Ол кәсіпкер деп нарық жағдайында әрекет ететін адамды түсінді [1].

Сонымен бірге Жан-Батист Сэй кәсіпкерлерді экономикалық дамудың қозғаушы күші ретінде анықтады, олардың ресурстарды аз өнімді аудандардан өнімді аймақтарға бөлетін өндіріс факторларының бірі ретіндегі рөлін атап өтті [1]. Сэй де, Кантिलлон да француз ой мектебіне жатады және физиократтар ретінде белгілі болды.

Шағын және орта кәсіпкерлік экономиканың қозғаушы күші болып табылады. Шағын және орта кәсіпкерліктің кез келген елдің экономикасына қосқан үлесін асыра бағалау қиын - салық төлемдерінен бастап жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне дейін - ШОК мемлекеттің халықты жұмысқа орналастыру бойынша көптеген проблемаларын шешеді және ел бюджетін салық төлемдері есебінен толықтырады.


ЖІӨ-де ШОК үлесі неғұрлым жоғары болса, халық соғұрлым жақсы өмір сүреді және экономика да серпінді дамиды деген аксиома бар. Әлемнің дамыған елдерінде ЖІӨ-дегі ШОК үлесі 50 пайыздан жоғары (Жапония, мысалы, 75 пайыз), ал ШОК саласында дамыған елдерде жұмыс істейтіндердің үлесі 60-тан 98% - ға дейін құрайды. Қазақстан 2050 жылға қарай елдің ЖІӨ-де ШОБ-тың 50 пайыздық үлесіне қол жеткізуді жоспарлап отыр [2]. Оның ішінде басқа салалармен салыстырғанда ауыл шаруашылығын дамытудың берері мол деп есептеймін.

Елдің барлық аумағының төрттен бір бөлігі дала жерлері, жартысы шөлейт және шөлді аумақтар ретінде сипатталады, қалған төрттен бір бөлігі тау бөктері болып табылады. Ел аумағының 80%-ы ауыл шаруашылығы жерлері ретінде болса, бұл 200 млн.гектардан астам жерді құрайды, алайда осы аумақтың тек

40%-ы немесе 96 млн. гектары ғана ресми статистикаға сәйкес ауыл шаруашылығы айналымында пайдаланылады.

Қазақстан зор үміт артып отырған экономиканың перспективалы секторларының бірі ауыл шаруашылығы болып табылады. Бүгінгі таңда ол Қазақстанның ЖІӨ-нің 4,5% - ға жуығын алып отыр. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, жалпы алғанда, еліміздің ауыл шаруашылығында 1,2 млн-ға жуық адам еңбек етеді. Сондай-ақ, халықты жұмыспен қамту бойынша ауыл шаруашылығы сауда, өнеркәсіп және білім беру саласымен қатар алдыңғы қатарда екенін атап өткен жөн.

Қазақстанда ауыл шаруашылығының негізінде екі үлкен базалық бағыт жатыр: мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы (сурет 1).



Сурет – 1. ҚР-ның ауыл шаруашылығының құрылымы

Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылды

1-суреттен байқағанымыздай, ауыл шаруашылығының дамуында ең көп үлесті, яғни 54%-ды өсімдік шаруашылығы алып отыр.

Ауыл шаруашылығын дамытуда шағын және орта кәсіпкерлік маңызды рөл атқарады. Бір жағынан, экономикалық тұрғыдан алғанда, ол ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге айтарлықтай үлес қосады және сонымен бірге оны өндіру көлемін ұлғайту арқылы пайдасын тигізеді. Екінші жағынан, әлеуметтік, жаңа жұмыс орындарын ашады, кедейлік деңгейін төмендетеді, ауылдық өмір салтын қолдайды және ел аумағының тұтастығын сақтайды. Кесте 1-ден ауыл шаруашылығы саласындағы ШОК субъектілері қызметінің көрсеткіштерін көруге болады.


Қазақстанда дәнді және бұршақты дақылдарды өсірумен айналысатындар: ірі, орта және шағын кәсіпорындар.

Кесте - 1. Экономикалық қызмет түрлері бойынша ШОК субъектілері қызметінің көрсеткіштері

	Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлік	Жұмыспен қамтылғандар саны, адам	Өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығарылымы, млн. теңге
Барлығы	1 357 311	3 472 606	33 626 992
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	260 781	450 046	3 118 669
Үлес салмағы, %	19,2	12,9	9,2

Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылды

Қазақстанда 2021 жылы өсімдік шаруашылығымен, оның ішінде дәнді және бұшақты дақылдарды өсірумен айналысатын 7196 шағын кәсіпорын және 244 орта кәсіпорын тіркелген, ал мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпорының 4099-ы шағын және 117-сі орта кәсіпкерлікке жатады (сурет 2).



Сурет – 2. Шағын және орта кәсіпкерліктегі өсімдік шаруашылығымен және мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындардың саны

Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылды

2-суреттен байқағанымыздай, шағын және орта кәсіпкерлікте өсімдік шаруашылығының басым болып тұр. Өсімдік шаруашылығы тұрғысынан басым дақылдар бидай, арпа, мақта және күріш болып табылады, сонымен қатар бидай экспорты қатты валютаның негізгі көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (ҚР АШМ) деректері бойынша 2014 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде астық өндірудің орташа жылдық көлемі 19,1 млн тоннаны құрайды, оның ішінде жыл сайын 8 млн тонна астық әлемнің 70-тен астам еліне экспортталады.

Алайда осындай нәтижелерге қарамастан, ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерліктің өзіндік дамуға кедергі проблемалары бар.

Кейбір жылдары өнімділіктегі үлкен ауытқулар ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес, сонымен қатар егін жинаудан кейінгі процестерді қоса алғанда, барлық дерлік өндірістік кезеңдерде саланың технологиялық

жабдықталуының төмен болуынан байқалады. Жергілікті және шетелдік нарықтарда өнімді өңдеу және сату процестері де жақсартуды қажет етеді (сурет 3-тен ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметті дамытпай отырған факторларды көруге болады).



Сурет – 3. Ауыл шаруашылығындағы өндірістік қызметті және кәсіпкерлік белсенділікті шектейтін факторлар

Ескерту: [4] әдебиет негізінде құрастырылды

3-суреттегі статистикасына сүйенсек, ауыл шаруашылығы саласындағы өндірістік қызметті және кәсіпкерлік белсенділікті шектейтін факторлардың басын «ақша қаражаттарының» жеткіліксіздігі бастап тұр. Ол 29%-ды құраса, екінші орында айналым қаражатының жетіспеушілігі орналасқан. Сонымен бірге, «кредиттердің жоғары пайыздық мөлшерлемелері» және «тауардың төмен бағада сатылуы» үшінші, төртінші орындарды еншілесе, материалдық-техникалық базаның тозуы да шағын және орта кәсіпкерлер үшін үлкен кедергілер болып табылған.

Жалпы отандық шағын және орта кәсіпкерліктегі ауылшаруашылық өнімдер өндіру үшін, осы саладағы мәселелер түпкілікті қарастырылып, дамудың сапалы жаңа деңгейіне өтуі үшін қандай қадамдар жасау керектігін дұрыс деп есептеймін.

Біріншіден, қаржы қаражатының қолжетімділігін арттыру керек. Дәл қазіргі шаруа қожалықтарында техника мен жер бар, жинақталған тәжірибе бар, бірақ басшылық жыл сайын сапалы тұқымдар мен тыңайтқыштар сатып алуға, барлық ауылшаруашылық жұмыстарын қажетті көлемде жүргізуге айналым қаражаты тапшы. Даму несиелері бойынша да жағдай жақсы емес. Бүгінде банктерге экономиканың нақты секторына кредит берудің орнына өзіне шағын, бірақ тұрақты кірістілікті қамтамасыз ете отырып, үкіметтік облигацияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу тиімдірек болып отыр.

Екіншіден, шағын және орта кәсіпкерлік үшін жеке даму бағдарламаларын жасау керек. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы министрлігі даму бағдарламасын әзірлей алады, оның шеңберінде субсидиялардың бір бөлігі шағын және орта шаруашылықтар үшін ғана қолжетімді болады. Бұл ірі бизнесмендерді бөлінген ақшадан қорғап қана қоймай, фермерлердің дамуына нақты бағдар береді. Сондай-ақ, ауылшаруашылық бөлімінде жаңадан бастаған фермерлер үшін жеке бағдарлама туралы ойлану керек. Мұндай бағдарламалар шетелде бар және олар өз тиімділігін дәлелдеді. Немесе жаңа фермалар үшін жоғары қолдау көрсетуге болады, өйткені агроөнеркәсіптік кешенде кәсіпті бастау өте қиын. Ең бастысы, ауыл шаруашылығы министрлігі ШОК-ке назар аудару бастауы керек.

Осыдан қарапайым қорытынды шығады - жай ғана қалыс қалмай, Қазақстанның экономикасының дамуы үшін таяудағы онжылдықта ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығару қажет. Қаржыландыру мәселесі ауыл шаруашылығын қолдаудың «түбегейлі» шараларын қарастыру кезінде бірінші орынға қойылуы керек деп айта аламын.

Қолданылған әдебиеттер

1. А.Н.Доғалов, Н.С.Досмағанбетов. Экономикалық теория. Оқу құралы. - Алматы, 2020. –С.127-129.

2. "Қазақстан-2050" Стратегиясы - 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауы.

3. www.stat.gov.kz / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

4. <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/investicii-v-selskoe-hozyajstvo-demonstriruyut-uverennyj-rost-za-god> /Қазақстан Республикасы экономикасының рэнкинг форматындағы мониторингі бойынша жобасы

УДК 338.012

КЛАСТЕРНЫЙ ПОДХОД В УПРАВЛЕНИИ ТУРИСТСКОЙ ОТРАСЛЮ

Бердибекова Амина

докторант 1 курса ОП «Туризм» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Ибрагимов Нутфилло Салимович

профессор Бухарского государственного университета, д.э.н., заведующий кафедрой «Экономика услуг», г.Бухара, Республика Узбекистан

Популярность кластерного подхода в различных сферах национальной и региональной экономики объясняется всё нарастающими процессами глобализации и интернационализации. Применение кластерного подхода в индустрии туризма получило своё развитие сравнительно недавно. Однако ещё